

ISSN 1563-0026
Индекс 75867; 25867

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Шығыстану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия востоковедения

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Oriental series

№ 2(68)

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

ӘОЖ 398.2

¹Б.С. Әбжет*, ²З. Йылдырым¹Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, филол.ғ.к., доцент, Қазақстан, Түркістан қ.²Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, магистрант, Қазақстан, Түркістан қ.

*e-mail: abjet_71@mail.ru

«Байбөрі баласы Бамсы-Бәйрек туралы жырдағы» көне түркі мифологиясы

Мақалада «Қорқыт ата кітабында» айтылатын жырларының ішіндегі Бамсы-Бәйрекке қатысты жырда орын алған оғыз тайпаларының көне наным-сенімдері мен байырғы түркі халықтарының мифтік элементтері және шамандық нанымдарына байланысты дүниеге келген көне сюжеттер арнайы қарастырылады.

Көне дәуірлерден бері сақталған байырғы түркі халықтарының нанымдары мен әлемнің жаратылысы турасында дүниеге келтірген мифтік түсініктері жақсы сақталған, кітап кейінірек исламдық құндылықтарды қабылдаған кезеңде хатқа түскенімен жырдың бойында ескі нанымдар көп өзгеріске ұшырамағандығы зерттеу нысанына айналады.

Түйін сөздер: Қорқыт ата, миф, оғыз, түрік, сюжет, мотив, үйлену, наным-сенім.

Б.С. Абжет, З. Йылдырым

Древне тюркская мифология в былине о сыне Байбори Бамсы-Байрек

В статье рассматриваются древние сюжеты шаманских верований и мифических элементов тюркских народов и древние верования огузских племен которые имели в эпосах, охвативших Бамсы-Байрек по «Книге моего деда Коркута».

Ключевые слова: Деде Коркут, миф, огуз, турк, сюжет, мотив, свадьба, обряды

B.S. Abzhet, Z. Yildirim

Ancient Turkic mythology epic about his son Baybori Bamsy-Bayrek

In the article the ancient plots of shamanistic beliefs and mythical elements of Turkic people and ancient beliefs of Oguz tribes are examined that had in an epos, overcoming Bamsy-Bairek on "Book of my grandfather Korkut".

Key words: Dede Korkut, myth, Oguz, Turk, plot, motive, wedding, ritual.

«Қорқыт Ата» кітабындағы жырлардың құрамы байырғы мифтік сенімнің аясынан шыға қоймаған, исламға дейінгі түркілер ұстанған наным-сенімдердің көріністері жақсы сақталғандығымен де ерекшеленеді. Жыр жанрының түркі халықтарда ерте кездерден бастап қалыптасқаны анық. Кейінірек Қорқыт өмір сүрген дәуірде көптеген жырлардың Қорқыт маңайына топтаса бастағандығы байқалады. Жырлардың бұлайша топтаса баста-

уы кейінгі дәуірлерде де болған. Ол турасында М.Әуезов былай дейді: «Ескілікті әңгімелердің бірсыпырасы белгілі бір хан мен патша немесе бір белгілі, асқан бидің айналасына жиналған болады. Ескілік әңгімелерін кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп те жиып қояды. Орыс жұртының ескіліктегі батырлар әңгімесінің барлығы «Қызыл күндей Владимирдің» айналасына жиналған. Араб жұртының ескіліктегі әңгіме, ертегісінің көбі Арон Рашит патшаның айна-

ласына жиналған. Қазақ атаулы елдің ноғайлы дәуірінен қалған әңгіме-жырлардың көбі «Орманбет би» заманының маңына жиналған. Онан соң қазақтың ноғайдан бөлініп шығып, қазақ атанып, бөлек хандық құрып жүрген заманнан қалған ескілік әңгімелердің көбі «Әз Жәнібек» ханның тұсында болған»[1, 67].

Түркі қағанаты кезінен бергі айтылып келе жатқан жырлардың барлығы кейін оғыз-қыпшақ одағы ыдыраған тұста жинақталып, көне жырлардың көбісі Қорқытқа қатысты аңыздарға барып кірігіп, циклдене бастағанға ұқсайды. Қорқыт Ата кітабына топтастырылған жырлардың барлығы бір дәуірге сыйғызылған. Батырлардың барлығы Баяндүр ханның маңайынан табылады, жаңа туылған ер балаға ат қою керек болса елдің қадірлі абызы, әулие Қорқытқа қойғызады. Әрбір оғыз батырының ерлігін жырға қосып жырлап отыратын ұлы жыршы ретінде Қорқыт суреттеліп отырады. Яғни, бұл жырдың барлығы оғыз-қыпшақ бірлестігі дәуірінде болғандығы анық, IX-X ғасырлардағы Сыр бойындағы байырғы атамекені кезіндегі оқиғалар көрініс тапқан. Әрине, жырда Кавказ жеріндегі оқиғалар, қала аттары ұшырасып отырады. Оғыздар Сыр бойынан үдере көшіп Кавказды бет алған кезінде Қорқытқа қатысты аңыздар мен сол дәуірдің жырларын өздерімен бірге ала кеткендігі белгілі. Профессор Ш.Ыбыраев батырлық жырлардың XIY-XV ғасырларда жинақтала бастағандығын айтады: «Түрлі тарихи дәуірлерде қалыптасқан оғыздың батырлық жырлары XIY-XV ғасырларда аты аңызға айналған Қорқыт ата есіміне байланыстырылып және біртұтас эпикалық жүйеге келтіріліп, Әзірбайжан мен Кіші Азия территориясында қағаз бетіне түсірілді. Алайда «Қорқыт ата кітабындағы» жырлардың (Дрезден нұсқасында 12, Ватикан нұсқасында 6 жыр бар) дені оғыз тайпаларының ежелгі мекені Орталық Азияда (дәлірек айтқанда, Сырдария мен Арал теңізінің маңында) қалыптасқанын зерттеуші ғалымдардың көбі мойындайды»[2, 297].

Қорқыт ата жырлары оғыз бен қыпшақ одағының ыдырауы кезеңінде топтаса бастағанға ұқсайды. Қуатты мемлекеттер ыдырап, жеке-жеке хандықтар құрылып өзара қырқыс басталған тұста елдің ұйытқысы, ауызбіршілігі турасындағы идеялар көтеріледі. «Бірігу идеясы бірлік аз кезде, бөліну қаупі барда айрықша сезіледі. В.М.Жирмунский келтірген деректерге

жүгінсек, ноғай мырзалары мен бектерінің арасы қым-қиғаш тартыс болған. Билікке таласу дертке айналған. Ал, бұл жағдайды орыс дипломаттары шебер пайдаланған: қырқысқандардың екі жағын да әлсіретіп, өзіне тәуелді ету – бұл саясаттың басты мақсаты. Мұндай кезде бірігіп, тыныш өмір сүру қалың елдің жатса да, тұрса да асыл арманына айналды. Бұл жағдай тек Ноғай Ордасына ғана қатысты деп түсінбесек керек. Алтын Орда құлағаннан кейін басбасына хандық құрып кеткен елдің, туыстас бауырлардың, қала берді бүкіл көшпелілердің бірін-бірі жоқтау санасынан туған мұң-мұқтажын эпос арқаланды»[3, 175].

Қорқыт ата жырларында дін үшін ғазуат соғысы деп айтылғанымен оған ислам дінінің әсері қатты болмағандығы байқалып тұрады. Керісінше байырғы мифтік түсініктен қалған қалдықтар көп ұшырасады. Кейінгі дәуірдің көшірушілері жырды қанша дін жолында күрескен сахабалар туралы дастандарға жақындатпақшы болғанымен, бәрібірде оның сюжеттік құрылымын бұза алмағандығы байқалады. Исламға дейінгі наным-сенімдер жақсы сақталған, оғыз-қыпшақ дәуірінде жырланған көне жырдың қатарына Бамсы-Байрақ туралы жырды жатқызуға болады. Жалпы бұл жырдың сюжеті көптеген түркі халықтарында ұшырасатын «Алпамыс», «Алып-Манаш», «Манас» секілді қаһармандық эпостардың оқиғасымен сабақтас келеді. Мұнда іс-әрекеттің ұқсастығынан туындайтын сюжеттік инвариант бар. Бұл жырда байырғы түркі мифтік ұғымдары да ұшырасып отырады. Жыр басталғанда Байбөрі бектің перзентсіздік зарын тартып жүргендігі айтылған. Архаикалық және қаһармандық жырдың көпшілігі осылайша басталатыны белгілі. Кәрі әке-шешенің перзентсіз болуы, олардың әулие-әмбиелерге сиынып бала сұрауы, түсіне аян беруі осының барлығы келешек кейіпкердің артықша болып дүниеге келуінің көрінісі ретінде айтылып өтеді. Бұл жырдың бір ерекшелігі көнелігінде деуге болады. Перзентсіз жүрген Байбөрі перзент сұрап әулиелерді жағалап кетпейді. Яғни, мұсылман әулиелерден тілек сұрамайды. Ол тілекті оғыздардың бегі Баяндүр ханнан сұрайды. Хан бектің бұл тілегін қабыл алады, барлық оғыз бектері Тәңірден бала сұрап қол жаяды. Жырда былайша баяндалады: «Бұл сөзді есіткен барлық оғыз елінің бектері қолдарын

жайып, жүздерін көкке жая жалбарынып, «Тәңірі саған ұл берсін», – десті. Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, дұғасы қабыл болушы еді. Сол кезде перзентсіз Байбіжан орнынан тұрып: «Бектер, маған да бір тілек бата беріңдер, Тәңірі маған да бір қыз берсе екен», – деді. Барлық оғыз елі қол жайып, оған да дұға оқыды. Тәңірі жарылқаса, сен де қызды боларсың», – десті. «О, бектер, егер көк Тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің баласына бесікте жатқанда коссам деймін, осыған сіздер куәлік етіңіздер», – деді»[4, 34].

Эпоспен қатар жалпы көшпелі рулық-тайпалық қоғамда мұрагер мәселесі басты орынға қойылған. Ата кәсібін жалғаушы, артында қалған тұяғы әрі келешек ұрпақты жалғаушы ұл баланың отбасындағы, рудағы орнын басқа ешқандай да бір нәрсемен ауыстыру мүмкін емес еді. Сондықтан да баласыз өмірден өту, «қу бас атану» ең үлкен қайғы қатарына жатқызылған. «Эпос зерттеушілері жырдағы баласыздық зары сарынының түбірін рулық-патриархаттық, феодалдық дәуірдің дәстүріне байланыстырып түсіндіруі табиғи. Патриархат үстем болғалы бергі кезеңнің бәрінде атадан қалған мал-мүлік ұлға тиесілі болған. Сондай-ақ рулық өмірдің жалғасуы да тікелей сол рудан тараған мұрагердің бар немесе жоқтығына қатысы еді. Ұлы көп адамның сөзі де салмақты, айбыны да артық саналған. Балалы болушылық қауымның мүддесіне қызмет ететін, үрім-бұтақ өсіретін, өзгелермен құдандалы болып, бедел, байлықты күшейтетін маңызды шарттылық, қажеттілік болып есептелген»[5, 101].

Жырда хандар мен бектердің берген батасын Тәңірі қабыл етеді, біріне ұл, біріне қыз сыйлайды. Бұл да көне сюжет, қазақтар үйге түскен қонақты қыдыр деп таныған, оған асын беріп құрметті қонақ етіп сыйлаған, кетерде жолаушыдан бата сұраған. Ер жетіп, елге тұтқа болатын есті баланы бір жағы сынау үшін, бір жағы ел ісіне араласа беруіне рұқсат алу үшін қасиетті абыз, шешендерге жіберіп сынату, оның батасын алу ырымы да айырықша маңызға ие болған. Ерте кездерден-ақ ел арасында «қырықтың бірі – қыдыр», «көп тілегі қабыл» деген секілді ырымдар сақталып қалған. Жалпы түркі жұрты ерте дәуірлерден-ақ ел басқарған хандарын Құдайдың жердегі көлеңкесі, қасиет қонған киелі адам деп түсінген. Оның қасында жүретін кеңесшісі әрі ақылгөй абыздарды да

тылсым күшпен байланысы бар, келешекті болжайтын күдірет иесі деген түсінік қалыптасқан. Қобыз тартып тылсым күшпен байланыс орнататын абыздар Тәңірі мен адамдар арасындағы елші, хабар әкелуші миссиясын орындайтын болған. Сондықтан да абыздан бата сұрау, әрбір істі бастамас бұрын абыздың рұқсатын алу қасиетті іс деп саналған. Ел абызды, жырауды қастерлеу салты болған, бұл әсіресе «Қорқыт ата кітабында» жақсы көрініс тапқан. Қобыздың ерекше киесі турасында Ә.Қоңыратбаев мынадай тұжырым жасайды: «Енді бір аңызда ат бәйгесіне қыз тігілгенде, Қорқыт қобызын қосып, қыз жеңіп алған екен делінеді. Бақсылар, жыраулар қобызбен сарнағанда, дауыл тұрып, алты қанат үй шайқалыпты. Осындай жыр, күй әруағы бар адамдарға қонады дейтін әңгімелер ел аузында көп. Ондай аңыздар әрбір күйші, жырау, ақын жөнінде айтылады. Ертеде музыка, поэзия культі діннен күшті болған. Мысалы, Қорқыт жырларында батырлар жауға тиер кезде қобыз ойналған. Жау қолына түскен Бәмсі-Байрақ (Алпамыс) өзін іздеп келген оғыз батырларын қобызынан таниды»[6, 447-448].

«Байбөрі баласы Бамсы-Бәйрек туралы жырдағы» көнеден сақталған ырымның бірі – әлі дүниеге келмеген балаларды бір-біріне атастыру салтының ұшырасуы. Бұл салт қазақтың ғашықтық дастандары мен ертегілерінде жиі ұшырасады. Ертегілердегі әлі дүниеге келмеген баламен қыздың құдаласуы жырдағыдан өзгешелеу. Ертегідегі құдаласу көбіне мифтік түсініктен әлі ажырай қоймаған күйінде кездеседі. Мұнда тылсымды дүние, аң не құс бейнесіндегі құдасы келіп болашақ перзентіне ортақтастырар болса ғана оның жанын қиятынын, не ісін алға жылжитатынын айтады. Мысалы «Қарға Шаһизат» ертегісінде перзентсіз жүрген дәулетті байдың үш әйелінен де бала болмайды. Кедейдің қызына құда түсіп төртінші әйел алғанда, қыз бір күні жүкті болады. Бай перзенті дүниеге келгенше кеме жасатып, дүниені кезбекші болады. Кемені суға түсірмек болғанда бір қарға келіп кедергі жасап, суға түсірмей қояды. Қарға «балаңа ортақ қылсаң ғана кемені суға салдырам» дейді. Бай келіседі. Ер жеткен бала кейін Қарға Шеризат ханның елін іздеп барып, оның қойған түрлі сынынан өтіп оның кенже қызын алады. Өзі сол жерге хан болады да мұратына жетеді[7].

Ал, жырда сәл басқаша, құдаласу салты

баласыздық зарын тартып жүрген екі байдың кездесуінен басталады. Соның бірі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында аңшылықта жүріп танысқан Сарыбай мен Қарабай тамыр болуға келісіп өзара белқұда болады. Егер бәйбішесі ұл не қыз туса бір-біріне атастыру арқылы үйлендіріп, құда болуға шарттасады. Мұндай көне ырым «Таһир – Зуһра» дастанында да ұшырасады. Осындай ұқсастықтарға тоқтала келе М.Әуезов мұндай ежеқабыл салтына карап, оны көне дәуірдің дәстүрі екендігін әлі де зерттей түсу қажеттілігін айтады, ондай жырларды ерте дәуірлерде туған жырдың қатарына қосады. Ғалым ол турасында ойын былайша сабақтайды: «Жалпы «Қозы Көрпеш» әңгімесін ендігі тексеру, зерттеуде «Алпамыс» жырымен де көп жағдайда ұқсастығы бар екенін, мол екенін және де ескерту керек. Бәйбөрі мен Байсары да қартайған шақтарына шейін перзент көрмеген, балаға зар аталар болады. Екеуінен туған ұл мен қызды Қарабай, Сарыбайша олар да ерте күнде ежеқабылмен атастырады. Кейін қыз әкесі, Қарабай сияқтанып, ұзаққа көшіп кетеді. Есі кірген ұл – Алпамыс жыраққа кеткен жарын жалғыз іздеп, жалғыздық тартыста жүріп, ғашық жарын табады. Бұл жайлар «Қозы Көрпеш – Баянның» көп оқиғалық тартыстарын еске түсіріп тұрғаны даусыз. «Қозы Көрпеш» қазақтың ескі бағзы заман болмысын, санасын, салтын баян ететін жырды бұдан да арырақ дәуірлердің қисынға келетін жыр, аңыздарымен салғастыра тексеру теріс болмайды. Сонда ескі оғыздар эпосы болып саналатын «Ата Қорқыт» кітабы («Китаби Дәдәм Қорқуд») әңгімелерінің тобымен де шендестіре салғыластыруға келетін жайлар бар.

Мысалы, «Дерсехан ұлы Бұғашхан» әңгімесі де Байбөрі, Байсары сияқты Қарабай, Сарыбай сияқты перзентсіз, тұрғылас кәрілердің заршерінен басталады. Сол оғыз дастандарының жинағы болған «Ата Қорқыт» кітабында тағы бір еске алуға тұратын аңыз дастан бар. Ол «Бамсы-Бәйрек» әңгімесі. Бұл дастанның көп оқиғасы, тартысы «Алпамысқа» ұқсап келеді. Алпамысқа ұқсас тағы бір бала оқиғалары «Қозыға» да ұқсап кетуі ғажап емес. Ал «Бамсы-Бәйрек», «Алпамыс» әңгімелері алтайлықтардың «Алып – Манаш» деген дастанына тағы да ұқсайды. Бұл айтылып отырған жайлардың бәрі тегінде «Қозы Көрпеш» тәрізді қазақтың ең көрнекті,

көп түрлі дастанын, ғашықтық жырын бір ғана қазақтағы варианттарын салыстырып тексерумен қанағаттану керек емес екенін аңғартады»[8, 63-64].

Жырдағы ең көне сюжеттер қатарына Бамсы-Бәйректің Бану-Шешекпен танысын жатқызуға болар еді. Қыз өзін іздеп келген жігіттің бесіктен атастырған күйеуі екенін білген соң, өзін алу үшін үш шарт қояды. Бірінші екеуі ат жарыстырады, екінші мергендік сайысына түседі. Соңында екеуі күреске түседі. Көне жырлардың көбінде өзімен сайысқа түскен қыздың күші жігіттен басым болып көрінеді. Бұл матриархат дәуірінің сарқыншағы болса керек. Бамсы-Бәйрек қызбен күреске түседі: «Байрақ атынан түсіп, екеуі белдесіп күресе бастады. Күрес екі батырдың жекпе-жегінен кем болмады. Біресе Байрақ, біресе қыз бірін-бірі тулап көтеріп, жықпақ болды. Байрақ әлсіреп: «Егер бұл қыздан жығылсам, оғыз еліндегі барлық жұрт мені мазақтап күлер», – деп ойлады да, қыз белбеуін бұрай ұстап, аш белінен қапсыра құшақтап алып, төсін тиістіріп жоғары көтеріп, шалқасынан салып, жықты», – дейді жырда. Қырғыздардың атақты «Манас» жырында да ешбір батыр оған тең келмейтін Манастың өзі қызбен болған күресте қыздан жеңіліп қала жаздайды: «Аса қызықты эпизодтың бірі көп ел жиналған ат жарыс, палуан сайыс көріністері. Осында қалмақтың Сайқал деген палуан қызымен сайысуға қырғызда ешкім беттемей, Манастың өзі шығады, бір-бірін жеңісе алмайды, қайта кей мезетте қыз басымдау түсіп, Ақбалтаның Шуағы дер кезінде көмекке келмегенде Манас жеңіліп қала жаздайды...Сайқал қызбен сайысының сәтсіз басталғанына намыстанып, Манас «бас байладым өлімге, шаш байладым өруге» деп жекпе-жек сұрап қасарып тұрып алады, қалмақ қызы сескеніп, жылысып кеткеннен кейін ғана ашуы басылғандай болады»[9, 21].

Қызбен күресу салты түркі жұртында ертеден болған. Ислам діні тараған соң Әзірет Әлінің Дариға қызбен күресуі туралы қисаның шығуы да осы Орталық Азияда өмір сүрген түркі халқының дәстүрімен байланысты шыққан болуы мүмкін. Көне скифтерде ер бала үйлену үшін алдымен жауға шауып, өзінің ерлік ісімен танылуы қажет болған. Мұндай дәстүр

Скифтер даласында өмір сүрген амазонкаларда да болғандығы турасында кезінде Геродот та жазған болатын. Онда былай дейді: «117. Савроматы говорят по-скифски, но исстари неправильно, так как амазонки плохо усвоили этот язык. Что касается брачных обычаев, то они вот какие: девушка не выходит замуж, пока не убьет врага. Некоторые умирают старухами, так и не выйдя замуж, потому что не в состоянии выполнить обычай»[10, 245].

Жырда Бану-Шешекті алуға, оған құда түсіп, Бамсы-Бәйрекке қызды айттырып алуға ел ағасы Қорқытты жібереді. Қыздың ағасы қарындасын сұраған Қорқытқа ашуланып оны қылышымен шауып тастамақ болады. Қорқыт атқа мініп қашады, артынан жетіп қалған қыз ағасы оны шаппақ болғанда, жоғары көтерген қолы кереметтің күшімен қарысып қалады. Қорқыттың тегін адам емесін білген ағасы қолын жазып берсе қарындасын беруге уәде етеді. Бұған ұқсас оқиға «Қобылан» атты қарақалпақ жырында да бар. Жырдың басты кейіпкері өз қалыңдығын алу жолында Алаңғасар Алып дәумен соғысып, оны жеңеді. Қараман атты Құртқаның ағасы ол кезде Қап тауында болады, егер ол елде болса қарындасы Құртқаны Қобланға бермейтіндігі айтылады. Демек екі жырда да қыздың ағасының өз қарындасын күйеуге бермейтіндігі сөз болады. Қызды ұзатар кезде қарындасын қимаушылық, қызды алып кетпек болған кезде құдалармен ұрыс-төбелес шығару секілді жоралғылар ерте кезде қатты болған. Мұндай жора-жосын тек түркілерде ғана емес көптеген әлем халықтарында болған, жырда осы көне жосынның іздері сақталған. Мұндай жосын жайлы кезінде Б.Уахатов та айтқан болады: «Мұны ғылым тілінде оргиа мерекесі дейді. Міне, сол оргиа мерекесі дүниежүзі халықтарының көбінде бар. Және күні бүгінге дейін бұл үйлену салтының бір жора-жосыны ретінде сақталып қалған. Мысалы, күйеу жігітке иә оның қасына еріп келген күйеу жолдастарына көрмегенді көрсетіп, адам шыдамас кәделер жасау көне герман, ескі араб, үнді, коми, черкес, қалмақ, моңғол, тибет, коряк, ительмен секілді толып жатқан елдердің салтында әлі күнге дейін бар»[2, 63].

Кез-келген халықтың бұрыннан бері сақталып келе жатқан және әлі күнге шейін қатаң ұстанатын жоралғысына құдалық,

той беру, өлік жөнелту секілді ғұрыптық дәстүрлерін жатқызуға болады. Бұл ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан халықтың қастерлі дүниелері. Сондықтан да ертегі болсын, эпос пен лиро-эпос жырларының ақыры көбіне ұлан-асыр той берумен аяқталып жатады. Осы жырдың концовкасында орын алатын тойдың ерекшелігіне қарай оның дәуірін ажыратып алуға болады. Мысалы, «Қорқыт ата жырындағы» Бамсы-Бәйрек біраз жыл жаудың қамауында отырып шыққан соң өз еліне оралады да өз тойының үстінен түседі. Өзі жоқта әкесі мен шешесін жалпы туыстарын құлдыққа салып, әйелін некелеп алғалы істеп жатқан той болып шығады. Бұл секілді оқиға «Бамсы-Бәйрек», «Алпамыс» т.б. көне эпостарда жиі ұшырасатын көне мотивтерге жатады. Батырдың үйлену оқиғасын профессор Ш.Ыбыраев өзге сюжеттерге қарағанда әлдеқайда көне екендігін айтады: «Ғылыми деректерге жүгінер болсақ, батырдың үйлену сюжеті өзге оқиғалардан көнерек, әрі ол эпостан бұрын пайда болған миф, батырлық және қиял-ғажайып ертегіге де тән.

Сондай-ақ қаһарман елге оралғанда үйде қалған озбыр құл оның әйелін алмақ үшін жасап жатқан тойдың үстінен шығуы да көне тарихы бар сюжет.

Міне, мұның бәрі дәуірі бойынша тұтас-танбаған эпостың жалпы жыр шоғырына тән өзгешеліктерді жеке-дара тұрып, өзінше қайталауы десек болғандай. Жырдың топтамасындағы өмірбаяндық тәртіппен баяндалатын бірнеше батырға тиесілі әрекеттер мұнда бір адамның өмірбаяндық жолына, бір эпостың ішіне шоғырланған»[3, 189].

Біз сөз еткен «Қорқыт ата кітабында» айтылатын «Байбөрі баласы Бамсы-Бәйрек туралы жырдағы» оқиғаны баяндау барысында исламға дейінгі түркі халықтарының көне эпосынан орын алған байырғы мифтік және ертегілік сюжеттеріне арнайы тоқталдық. Жыр ислам діні орнығып, мұсылманшылықты толық бойына сіңірген тұста қағаз бетіне түсірілген, ел аузында айтылып келген оғыз жырлары ендігі кезекте жазба әдебиетке, шығыстық жазба дастан үлгісі қарқын алып дами бастаған тұста хатқа түсірілгені белгілі. Соның өзінде бұл кітапта байырғы оғыз халықтарының исламға дейінгі көне наным-сенімдері жақсы сақталғандығының куәсі боламыз.

Әдебиеттер

- 1 Әуезов М. Әдебиет тарихы. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 бет.
- 2 Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: «Тұран» баспасы, 2009. – 376 бет.
- 3 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 бет.
- 4 Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос/Орыс тілінен ауд. Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 бет.
- 5 Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос – ел қазынасы. 1-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 464 бет.
- 6 Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «МерСал» Баспа үйі, 2004. Т.1. Фольклортану мәселелері. – 2004. – 554 бет.
- 7 Қазақ ертегілері. – Алматы. Жазушы. Т.1: Қиял-мифтік ертегілер. – 2000 – 272 бет.
- 8 Әуезов М. Әдебиет туралы. О литературе. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 304 бет.
- 9 Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.
- 10 Геродот. История./Пер. С греч. И комм. Г.А.Стратановского. Вступ. Статья И.Е.Сурикова.-М.: ОЛМА-ПРЕСС. Инвест, 2004.-640с.

References

- 1 Auevov M. Adebyet tarihi. Jogari oku orindarining studentterine arналган//Almaty: Ana tili -1991.-240.
- 2 Kazak folklorining tipologyasi//Turkestan: Turan – 2009.-376.
- 3 Ibiraeв Sh. Epos aleми// Almaty: Gilim – 1993.- 296.
- 4 Korkutatakіtabi. Oguzdarding batyrlik jyrлары: Epos/Oris tilinen aud.A.Kongyratbaev, M.Baydildaev// Almaty: Jazushi – 1986.-128.
- 5 Berdibay R. 5-tomdik shigarmalar jynagi. 1-tom// Almaty: Kazigurt – 2005.-464.
- 6 Kongyratbaev A. Kop tomdik shigarmalar jynagi//Almaty: MarSel -2004.-554.
- 7 Kazak ertegileri. 1-tom//Almaty: Jazushi -2000.-272.
- 8 Auevov M. Adebyet turali. O literature. Oku kurali//Almaty: Sanat -1997.-304.
- 9 Folklor shindigi//Almaty: Gilim -1990.-264.
- 10 Herodot. Historya/Per. Sgresh. Ikomm. G.A.Stratanovskogo. Vipusk. StatyaI.E.Surikova//Moskva: OLMA-PRESS. Invest – 2004.-640.